

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі»
мелекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны уақытша бос лауазымға
орналасуға конкурс туралы хабарландыру**

Жаңатас қаласы

«18» қыркүйек 2025 жыл

Конкурс өтетін мекен-жайы: Пошталық индексі 080700, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, 5 мөлтек ауданы, 1 үй. Анықтама үшін телефон: 87263462614, 87021157497 электрондық мекен-жай: info@zhanatas-jkk.edu.kz

«Жаңатас көпсалалы колледжі» МКҚК – на қажетті мамандар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру психологі, педагог-психологі.

«Мемлекеттік білім беру үйімдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қагиадларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздагы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздагы № 96 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 31 наурызда № 35900 болып тіркелді.

Койылатын біліктілік талаптары:

- жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім "Педагогика және психология", "Әлеуметтік ғылымдар" ("Психология" білім беру бағдарламаларының тобы) кадрларын даярлау бағыттары бойынша, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде – 3 жыл; педагог-сарапшы үшін – кемінде 4 жыл; педагог-зерттеуші және педагог-шебер үшін – 5 жыл.

Лауазымдық міндеттері:

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге және сақтауға, олардың әртүрлі өмірлік жағдайларда әлеуметтік-психологиялық бейімделу қабілеттін дамытуға, оның ішінде девиантты мінез-құлыққа байланысты мәселелерінде көмек көрсетуге бағытталған қызметті жүзеге асырады;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілерге бейінді және кәсіби өзін-өзі анықтауда көмек көрсетеді;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жай-күйіне психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізеді, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өтініштері кезінде психологиялық көмек көрсету үшін психологиялық-педагогикалық қорытынды мен ұсынымдар жасайды;
- білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға қатысады және білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып түзету-дамыту бағдарламаларын жоспарлауға қатысады және әзірлейді;
- білім алушыларды психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтаудың әртүрлі жағдайларында бағдарлауға дайындығын дамытуға ықпал етеді;

- әлеуметтік бейімсіздіктің туындауының алдын алу бойынша іс-шараларды жүзеге асырады, психологиялық көмек көрсету бойынша шаралар қабылдайды (психокоррекциялық, оналту және консультациялық);
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің аутодеструктивті және девиантты мінезділдіктерін алдын алу бойынша жұмыс жүргізеді;
- білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтер және басқа да қызметкерлер арасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сініреді;
- білім беру іс-әрекетіндегі қыындықтарға байланысты психологиялық проблемаларды шешуде білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, педагогтарға, ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге консультациялық көмек көрсетеді және әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді;
- білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді, Бала құқықтары туралы конвенцияға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелерінің талаптарын орындайды;
- педагогикалық ұжымға, сондай-ақ білім алушылардың және тәрбиеленушілердің жеке және әлеуметтік даму мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге ұсынымдар әзірлеу мақсатында психологиялық қызметтің жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізеді;
- белгіленген нысан бойынша күжаттаманы жүргізеді және оны мақсаты бойынша пайдаланады, педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, ата-аналар жиналыштарын, тәрбиелеу және білім беру ұйымының жұмыс жоспарында көзделген басқа да іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысқа қатысады;
- педагогика, психология және психотерапия бағыттары бойынша кәсіби құзыреттілікті үздіксіз арттырады, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу әдістері мен технологияларын қолданады;
- Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі конвенцияға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі. Тәрбие-білім беру процесінде балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сактайды.
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оку-танымдық іс-әрекетіндегі қыындықтарды жену бойынша ұсынымдар әзірлеуді жүзеге асырады;
- кәсіби қызмет барысында білім беру қызметінің психологиялық-педагогикалық принциптерін басшылыққа алады;
- білім алушылардың жас ерекшеліктерін және келіп түсетін сұраныстарды ескере отырып, диагностика жүргізу үшін жол берілетін әдістер мен әдістемелерді айқындауды;
- жалпы білім беру бағдарламаларын игерудегі психологиялық, әлеуметтік немесе физиологиялық қыындықтардың себептерін ажыратады;

- білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке басының ерекшеліктеріне психологиялық зерттеу жүргізеді, психоэмоционалды жай-күйін және оны тұрақтандыру мүмкіндіктерін талдайды;
- жеке немесе топтық түзету, дамыту және мотивациялық сабактар немесе тренингтер өткізеді;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу-танымдық қызметі мен әлеуметтенуіндегі өзгерістер динамикасының мониторингіне катысады;
- білім алушы мен тәрбиеленушінің оқу-танымдық қызметіндегі және әлеуметтенуіндегі қындықтарды еңсеру бойынша білім беру ұйымының өз ішінде және одан тыс тиісті бейіндегі мамандармен өзара іс-қимыл жасайды.

Лауазымдық жалақысы: 120 000 – 180 000 т.т. аралығы (*еңбек өтіліне орай*)

Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзеу арқылы қолдау туралы", "Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Зандары;
- педагогика теориясы, психология, жас ерекшелік физиологиясы, гигиена, белсенді оқыту әдістері, қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық тренингі, оқу жоспарлары мен бағдарламалары;
- оқу пәннің мазмұны, оқу-тәрбие процесі, оқыту және бағалау әдістемесі;
- педагогикалық этиканың нормалары;
- педагогикалық ғылымның дамуы мен жетістіктерінің бағыттары;
- еңбек туралы заңнама, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

- 1) осы Қағидаларға 3-косымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алғынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парагы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сактау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандары № КР ДСМ-175/2020 бүйрыймен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу(тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

- 7) психикалық, мінез-құлыштық бұзылуышылдықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы қуәлік (бар болса);
- 10) осы Қағидаларға 12, 13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;
- 11) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оку орнынан ұсыным хат.

12. Кандидат, болған жағдайда, біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне (біліктілігін арттыру, ғылыми атақтар, ғылыми дәрежелер және дәрежелер беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері) қатысты қосымша ақпарат ұсынады.

Конкурсқа қатысты көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттардың кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Конкурстық комиссияның құрамына келісім бойынша басқа білім беру ұйымдарының өкілдерін (басшының орынбасарлары, педагог-сарапшы біліктілік санатынан төмен емес пән мұғалімдері) енгізуге жол беріледі.

Конкурс нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қатысушы осы Қағидаларға 10-қосымшага сәйкес нысан бойынша жоғары тұрған мемлекеттік ұйымда (білім бөлімдері, білім басқармалары) құрылған апелляциялық комиссияға өтінішпен шағым жасайды.

Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамын білім бөлімдері, білім басқармалары айқындауды және бекітеді. Апелляциялық комиссияның құрамы бес адамнан тұрады. Апелляциялық комиссияның төрағасы басшылықты жүзеге асырады, хатшы апелляциялық комиссияның отырысын ұйымдастырады, хаттаманы ресімдейді, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге құқығы жок.

Апелляциялық комиссияның шешімі апелляциялық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның шешімдері осы Қағидаларға 11-қосымшага сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді, оған апелляциялық комиссияның төрағасы және барлық мүшелері қол қояды.

Апелляциялық комиссияның шешіміне Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте айқындалатын тәртіппен шағым жасалады.

Кадр бөлімінің менгерушісі

Г.Д.Айнекова